

**«АӨК мемлекеттік қолдау» бағытының
««АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ
ШАРАЛАРЫ МЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒЫТТАРЫ"» тақырыбы бойынша
өткізілген кеңестің
Есебі**

«Arystan» ЖШС

Өткізілген күні:

«07» тамыз 2025 жыл

Кеңестің өткізілген орны:

Алматы қ., Сатпаев көшесі 30 б, Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты

Эксперт:  Жұмашева Сауле Тоқанқызы

**«Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік
кешенінің экономикасы және ауылдық
аумақтарды дамыту ҒЗИ» ЖШС-нің
Басқарма төрағасы**



Е.И.Исламов

Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау

2) қойылған проблеманы шешу бойынша сарапшының ұсыныстары немесе қызметті жақсарту бойынша кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңбері;

Кеңес барысында Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылып, «**АУЫЛ АМАНАТЫ**» **ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ МЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒЫТТАРЫ**» туралы толықтай түсіндіріліп, осы шаралараға қол жеткізу бойынша ұсыныстар берілді

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒЫТТАРЫ

5 бағыттан тұрады:

1. Үй іргесіндегі жерлерді тиімді пайдалану

2. Мал шаруашылығын дамыту

3. Ауыл сыртындағы жер үлесін тиімді пайдалану

4. Кооперативтерді жабдықтау

5. Тұрғындардың өз кәсібін ашу

«АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ мемлекеттік қолдау шаралары:

Ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтері үшін 3-ші Ауыл сыртындағы жер үлесін тиімді пайдалану және 4-ші Кооперативтерді жабдықтау бағыттар бойынша

Мемлекеттік қолдау (субсидия) түрлері:

1. Элиталық және 1 репродукциялы тұқым түрлерін және тыңайтқыш сатып алуға 30 пайызға дейін субсидиялар, жеңілдетілген ЖЖМ бағасы

2. Тракторларға 50 пайызға дейін, қосымша тіркемелерге 25 пайызға дейін инвестициялық субсидиялар

Жеңілдетілген несиелендіру: 8000 АЕК (27600 000 тг), жылдық мөлшерлеме 2,5 пайыз, несиені өтеу мерзімі 3 жылға дейін. Негізгі қарыз бойынша жеңілдік кезеңі 1 жыл 100 000 000 тг.

Ауыл шаруашылық техникасын сатып алуды несиелендіру 2,5 пайыз, несиені өтеу мерзімі 7 жылға дейін Негізгі қарыз бойынша жеңілдік кезеңі 1 жыл

Жоба аясындағы қаржыландырудың негізгі талаптары мен әр бағыт толығымен түсіндірілді.

Шаруашылықта жылы жай бар болғандықтан Үй іргесіндегі жерлерді тиімді пайдалану (жылыжайлар) бағыты бойынша жеңілдетілген несие туралы толығымен айтылды: оның мақсаты – жылыжай сатып алу немесе құрылысын жүргізу, несиенің ең жоғары сомасы – 2500 АЕК дейін, жылдық пайыздық мөлшерлеме – 2,5%, қаржыландырудың ең аз мерзімі – 12 ай, ең ұзақ мерзімі – өсімдік шаруашылығына 60 ай.

Сонымен бірге мал шаруашылығын дамыту, егістік жерлерді тиімді пайдалану, несиелендіру жеке кәсіпкерлікті дамыту (өндіру, өңдеу және қайта өңдеу) бағыттары да айтылды.

3) *Өнім өндірісін ұлғайту/өнімділікті арттыру/өзіндік құнын төмендету сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін әсер және т. б.;*

"Арыстан" ЖШС өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге маманданған, сонымен қатар шаруашылықта жылыжай және питомник бар. Питомникте көкөніс көшеттері өсіріледі. Осы көшеттер жылыжайға пайдаланылады. Жылыжайда негізінен қызанақ, қияр өсіріледі. Серіктестік жылыжайды кеңейтуді жоспарлап отыр. Осыған байланысты ғылыми-зерттеу институтының эксперт-кеңесшісі жабық топырақта көкөніс өсірудің табыстылығын арттыру мақсатында басым дақылдар шегінде өсімдік шаруашылығын субсидиялау қағидаларына енгізілген өзгерістер енгізілгені туралы кеңестер берді. Түзетулер маусымаралық кезеңде субсидиялау мөлшемелері бойынша 1 гектарға шығындарды (электр энергеиясы, газ, көмір үшін) субсидиялауды көздейтіні туралы ақпарат берілді. Бюджет қаражатын тиімді жұмсау, сондай-ақ барлық агротехнологиялар сақталатын жылыжайларды қолдау үшін өндіріс технологияларына сәйкестік сертификатының (есебінің) болуы міндеттілік талабы түсіндірілді. Сонымен қатар инвестициялық субсидиялау аясында жылыжай кешендерін салу және кеңейту жобаларын іске асыру кезінде үлесті 25 пайыздан 30 пайызға дейін арттыру бөлігінде тиісті өзгерістер енгізілгені туралы да кеңестер берілді.

Қалыптасқан экономикалық жағдайларда, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының едәуір бөлігі созылмалы төлем қабілетсіз болған кезде, мемлекет ынталандыру және қолдау әдістері арқылы: инновациялық белсенділікті арттыруға, ғылыми-техникалық жетістіктерді игеруге, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін, әлемдік нарықтағы отандық азық-түліктің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ету үшін саланың материалдық-техникалық базасын жаңартуға жәрдемдесуге тиіс.

4) *Сарапшының қатысуымен фотосуреттер;*





5) *Материалдарын тарату (қажет болған жағдайда).*

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін субсидиялау механизмі", "Ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік қолдауды жетілдірудің бағыттары", "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін субсидиялау механизмі", "Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік қолдаудың ерекшеліктері мен әдістері" презентациялары таратылды